Павлодар облысының Железин ауданының ауылдарын қайта атау туралы

Павлодар облыстық әкімияті мен мәслихатының 2008 жылғы 29 ақпандағы N 1, 68/4 біріккен қаулысы мен шешімі. Павлодар облысы Әділет департаментінде 2008 жылғы 27 наурызда N 3106 тіркелген.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы " Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Железин аудандық мәслихаты мен әкімдігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы N 184-3/25 және 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 219-3/30 бірлескен шешімдеріне, облыстық ономастика комиссиясының 2007 жылғы 12 наурыздағы "Железин ауданының ауылдарын қайта атау туралы" N 270/9 қаулысына сәйкес, Железин ауданының Комаровка және Новокузьминка ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат Ш Е Ш І М Е Т Е Д І :

1. Железин ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

Железин селолық округінің Комаровка селосы Аққайың ауылы және Қазақстан селолық округінің Новокузьминка селосы Жаңа жұлдыз ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты к о м и с с и я с ы н а ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы *Л. Белогривый*

Облыс әкімі *Қ. Нұрпейісов*

Облыстық мәслихаттың хатшысы *Р. Гафуров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК